**Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау және кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді қолдану қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 274 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11172 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 ақпандағы № 294 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2018 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 143, 150, 151-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау қағидасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді қолдану қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесіне жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет–ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Министр Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 274 бұйрығына
1-қосымша

# Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленген және мемлекеттік кірістер органдарына тауарлар туралы нақты мәліметтер берілмеген кезде мемлекеттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын анықтау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар Қазақстан Республикасы және ( немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасымен белгіленген мағынада қолданылады.

Осы Қағидаларда уәкілетті лауазымды тұлға деп кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ қамтамасыз ету сомаларының есебін жүргізетін аумақтық мемлекеттік кірістер органы бөлімшесінің, кеденнің, кеден бекетінің лауазымды тұлғасы түсініледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2. Мелекттік кірістер органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу тәртібі

3. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

ақшамен;

банк кепілдігімен;

кепілгерлікпен;

мүлік кепілімен;

сақтандыру шартымен.

Кодекстің 143-бабының 1-тармағында көрсетілген кедендік операцияларды жасау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де жағдайларда кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету қолданылады.

Кедендік тасымалдаушы және (немесе) кеден өкілі ретінде қызметті жүзеге асыру үшін кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының бөлімшесіне немесе кеденге ұсынылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеу осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету карточкасын (бұдан әрі – Карточка) ресімдеу арқылы жүргізіледі.

5. Карточка мемлекеттік кірістер органдарының кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуін есепке алу мақсатында ресімделеді және мемлекетік кірістер органдары үшін, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қабылдауды, оның ішінде тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тасымалдау кезінде растайтын құжат болып табылады.

6. Карточка екі данада ресімделеді:

Карточканның бірінші данасы, оны тіркеген мемлекетік кірістер органының бөлімшесінде қалады;

екінші данасы, Карточка тіркелген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей кедендік операциялар жасалатын мемлекеттік кірістер органы бөлімшесінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне немесе кедендік операцияны жасауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғаға беріледі және (немесе) жолданады.

Кедендік тасымалдаушы ретінде қызметін жүзеге асыру үшін кедендік өкілге кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынған жағдайда, Карточканың екінші данасы оны тіркеген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай тұлғалардың тиісті тізілімін жүргізуді жүзеге асырушы мемлекетік кірістер органдарындағы автоматандырылған ақпаратық жүйеге беріледі және (немесе) жолданады.

Мемлекетік кірістер органдарында кедендік баждарды, салықтарды төлеушінің кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету туралы

өтініші тіркелген күнінен кейінгі 10 күннен кешіктірмей, төлеушіге Карточканы тіркеу немесе себебін көрсетіп, тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жолданады .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Карточканың тіркеу нөмірі мынадай құрылымнан тұрады:

ООООО/ККААЖЖ/ННННН, мұнда:

ООООО – Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының коды;

КК – тіркелген күні;

АА – тіркелген айы;

ЖЖ – тіркелген жылдың соңғы екі цифры;

ННННН – Карточканның реттік нөмірі.

Карточканың реттік нөмірлерін нөмірлеу бір санынан басталады. Әрбір келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап Карточканың реттік нөмірлерін нөмілеу бір санынан басталады.

8. Төлеушінің өтініші бойынша Карточкаға қосымша құрылады, сондай-ақ мынадай:

кедендік операцияларды жасау мерзімінің ұзартылуына байланысты, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдану мерзімі ұзартылған ;

банк кепілдігін, мүлік кепілі шартын, кепілгерлік шартын, сақтандыру шартын қолдану мерзімі ұзартылған;

кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынған заңды тұлға немесе кепілгер болып табылатын заңды тұлға қайта ұйымдастырылған;

бір тауар партиясында әкелінген тауарлардың бөлігін кедендік тазарту нәтежиесі бойынша кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы азайған жағдайларда тізілімде тиісті өзгертулер көрсетіледі.

Карточкаға қосымша осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

9. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген және берілген кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сертификаты (бұдан әрі – Сертификат) тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тасымалдау кезінде кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етудің қабылдануын растайтын құжат болып табылады.

Сертификаттың нысаны және оны толтыру тәртібі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарымен айқындалады.

10. Кодекістің 298-бабына сәйкес кедендік декларацияны бергенге дейін тауарларды шығарған жағдайда, шығару оны уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне қосу үшін енгізілген, уәкілетті экономикалық операторда бар кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы шегінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті экономикалық оператор декларант болып әрекет ететін тауарларды кедендік декларацияны бергенге дейін шығару кезінде, мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі немесе тауарларды шығаруды жүзеге асырушы лауазымды тұлға, тауарларды шығарумен байланысты міндеттемелер орындалғанға дейін қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органы бөлімшесінің автоматандырылған ақпараттық жүйесіне немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға бұл туралы ақпаратты жолдайды және (немесе) хабардар етеді.

Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға, уәкілетті экономикалық оператор декларант болып әрекет ететін кедендік декларацияны бергенге дейін тауарларды шығару туралы ұсынылған ақпаратты ескереді, сондай-ақ уәкілетті экономикалық оператор тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне аталған ақпаратты жолдайды және ( немесе) хабардар етеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Төлеуші, кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету жүргізілген кедендік операцияларды аяқтағаннан кейін, кедендік операция жүргізілген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжатардың көшірмелерін бере отырып, Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесіне, немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға бұл туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Төлеуші кедендік операцияларды жасаған кезде міндеттемелердің уақтылы және тиісінше орындалғанын растайтын құжаттарды ұсына отырып, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын қайтару туралы Карточканы ресімдеген мемлекеттік кірістер органына жазбаша нысанда жүгінеді.

13. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз ету сомасын

қайтару үшін кедендік операциялар жүргізілген мемлекеттік кірістер органдарының бөлімшелеріне немесе кедендік операцияны жүзеге асырған лауазымды тұлға ұсынған құжаттарды, кедендік операцияларды жасаған кездегі міндеттемелердің уақтылы және тиісінше орындалуына тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын қайтару Кодекске сәйкес жүргізіледі.

15. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету берілген, оның ішінде белгіленген мерзімде міндеттемелерді төлеуші орындамаған немесе тисінше орындамаған кезде, аталған кедендік операция жүргізілген немесе жүргізілуі тиіс мемлекеттік кірістер органдарының бөлімшесі немесе кедендік операцияны жүзеге асырған лауазымды тұлға міндеттеменің орындалу мерзімі келген немесе міндеттемені орындамау немесе тисінше орындамау фактісі анықталған келесі жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттарды ұсына отырып, Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органның бөлімшесіне, немесе уәкілетті лауазымды тұлға бұл туралы ақпараттарды жолдайды.

Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету бойынша берілген, оның ішінде белгіленген мерзімде төлеушінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тисінше орындамағаны туралы ақпараттарды алғаннан кейін Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органның бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға төлеушінің өз міндеттемелерін орындамаумен немесе тисінше орындамаумен байланысты шараларды қабылдайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету карточкалары тізілімінде ресімделген Карточкалардың есебін жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Төлеушінің өтініші бойынша, егер кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді енгізу бойынша кедендік операция жасалмаған

жағдайда, Кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету карточкасы тізілімінің ескертпесіне күшін жою туралы мәліметтерді енгізе отырып, Карточка күшін жоюға жатады.

Карточка күшін жойған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға Карточканың екінші данасы жолданған мемлекеттік кірістер органының бөлімшесін Карточканың күшін жоюы туралы ақпараттандырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3. Мемлекеттік кірістер органының ақшаны уақытша орналастыру шотына енгізілген ақшаны есепке алу тәртібі

18. Төлеуші кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын ақшаны уақытша орналастыру шотына енгізеді.

19. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер орган бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға ақшаны уақытша орналастыру шотына қамтамасыз ету сомасын енгізу туралы ұсынылған төлем құжаттарының, сондай-ақ Карточкада көрсетілген мәліметтердің негізінде, кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша мемлекеттік кірістер органының уақытша орналастыру шотына кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын енгізу туралы Төлем құжаттарының тізілімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға, ақшаны уақытша орналастыру шотына ақшаны салған кезде төлеушінің кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындауын есепке алу және бақылау мақсатында осы Қағидаға 5 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточкаларды (бұдан әрі – Қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточка) жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточка, сондай-ақ:

төлеушінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелері бойынша бюджетке кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын аудару;

орындалған міндеттемелері бойынша төлеушінің банк шоттарына ақшаны уақытша орналастыру шотына салынған ақшаны қайтару;

кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілетін кедендік операцияларды одан әрі жасау үшін кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын есепке алу;

кедендік баждар, салықтар бойынша алдағы міндеттемелер есебіне кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын аудару;

кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешек есебіне кедендік баждардың, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын аудару;

талап ету мерзімінің өтуі бойынша кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын аудару үшін арналған.

22. Ақшаны уақытша орналастыру шотына енгізілген кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточка төлеушілердің әрқайсына жеке ашылады.

23. Ақшаны уақытша орналастыру шотына енгізілген кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасының есебі қағаз тасымалдағышында және (немесе) автоматтандырылған жүйеде жүргізіледі.

24. Қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточканы ашу үшін ақшаны уақытша орналастыру шотына кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшаны енгізу незідеме болып табылады.

25. Қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточка әрбір күнтізбелік жылға ашылады

Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы бойынша түпкілікті сальдо, алдағы қаржылық жыл үшін қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточкадан келесі жылы ашылатын қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточкаға аударылады.

26. Заңды тұлғалар қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточканы ашқан кезде міндетті түрде мынадай деректемелер көрсетіледі:

заңды тұлғаның толық атауы;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

заңды мекенжайы.

27. Дара кәсіпкерлерді қоса алғанда, жеке тұлғаның қамтамасыз ету сомасы бойынша жеке карточкаларында:

жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде);

жеке сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

28. Ақшаны уақытша орналастыру шотына ақшаны енгізу қамтамасыз етілген міндеттемесін орындау шарты кезінде төлеуші мемлекеттік кірістер органына:

орындалған міндеттемелер бойынша төлеушінің банк шотынан ақшаны қайтару туралы;

кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген кедендік операцияларды одан әрі жасау үшін кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын пайдалану туралы;

кедендік баждар, салықтар бойынша алдағы міндеттемелер шотына кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын аудару туралы;

талап қою мерзімінің өтуі бойынша кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын аудару туралы жазбаша өтінішпен жүгінеді.

29. Төлеуші ақшаны уақытша орналастыру шотына ақшаны енгізуді қамтамасыз ету міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын бюджетке есептеуді жүзеге асырады.

Бұл ретте мемлекеттік кірістер органы бес жұмыс күнінің ішінде төлеушіге, олардың міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы бойынша ақшаны уақытша орналастыру шотынан кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасының бюджетке есептелуі туралы хабарлайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Кедендік операцияны жасаудың нәтижесі бойынша, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген мемлекеттік кірістер органының уақытша орналастыру шотына кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын енгізу туралы Төлем құжаттарының тізіліміне толықтырулар енгізіледі.

## 4. Банк кепілдігін есепке алу тәртібі

31. Төлеуші мемлекеттік кірістер органына банк кепілдігін ұсынады.

32. Төлеуші ұсынған банк кепілдігінің түпнұсқалылығына және/немесе мазмұнына қатысты күдік туындаған кезде мемлекеттік кірістер органдары мұндай кепілдікті берген банктен жазбаша нысанда растауды сұратады.

33. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға ұсынылған банктік кепілдіктің, сондай-ақ Карточкада

көрсетілген мәліметтердің негізінде, кедендік баждарды, салықтарды камтамасыз ету сомаларын есепке алу мақсатында, осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банктік кепілдіктер тізілімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Банк кепілдігімен қамтамасыз ету міндеттемесін орындаған төлеуші, бұл туралы Банкке хабарлайды.

Банк кепілі бақылаудан алынады, ал банктік-кепіл, орындау үшін банктік кепіл берілген міндеттемелерді төлеуші орындаған жағдайда банктік кепілдің қолданылуын тоқтату туралы Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға хабардар етеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда мемлекеттік кірістер органдары банктік кепілдікте көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғанан кейін бес жұмыс күнінің ішінде банкке кедендік баждардың, салықтардың тиісті сомасын төлеу туралы талапты жолдайды.

36. Мемлекеттік кірістер органдары кедендік баждардың, салықтардың және өсімпұлдардың тиісті сомасын төлеу туралы банкке жолдаған талабында:

төлеушінің атауы;

төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу коды;

мемлекеттік кірістер органы-бенефициар және қазынашылық органының деректемелері;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың, сондай-ақ олар бойынша өсімпұлдардың сомасы;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ олар бойынша өсімпұлдарды төлеу мерзімі болады.

37. Кедендік операцияны жасаудың нәтижесі бойынша, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген банктік кепілдер тізіліміне толықтырулар енгізіледі.

## 5. Кепілгерлік шартын есепке алу тәртібі

38. Төлеуші мемлекеттік кірістер органына кепілгерлік шартын ұсынады.

39. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасының азаматтық және кеден заңнамасына сәйкес ресімделген кепілгерлік шартын қабылдайды.

40. Мемлекеттік кірістер органы, төлеуші ұсынған кепілгерлік шартының түпнұсқалығына және/немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған кезде, кепілгерден жазбаша нысанда растауды сұратады.

41. Ұсынылған кепілгерлік шарт негізінде, кедендік баждарды, салықтарды төлеуді кепілгер мынадай тәсілдермен қамтамасыз етуі мүмкін:

ақшаны уақытша орналастыру шотына қамтамасыз ету сомасын енгізу;

банк кепілдігі;

мүліктік кепіл;

сақтандыру шарты.

Кепілгерлік шартын ұсынумен қатар төлеуші, мемлекеттік кірістер органына кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді растайтын құжаттарды ұсынады:

ақшаны уақытша орналастыру шотына ақшаны аудару туралы төлем құжатының көшірмесі;

мүлікті кепілге қою шарты және кепілге қойылған мүліктің нарықтық бағасы туралы бағалаушының есебі;

банк кепілдігі;

сақтандыру шарты.

42. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға ұсынылған кепілгерлік шарттың, сондай-ақ Карточкада көрсетілген мәліметтердің негізінде, кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасының есебін жүргізу мақсатында, осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кепілгерлік шарттар тізілімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Кепілгерлік шартпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындаған төлеуші бұл туралы кепілгерге хабарлайды.

Кепілгерлік шарты бақылаудан алынады, ал мемлекеттік кірістер органы, орындау үшін кепілгерлік шарты ұсынылған міндеттемелерді төлеуші орындаған жағдайда кепілгерлік шартының қолданылуын тоқтату туралы кепілгерге хабарлайды.

44. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді төлеуші орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттік кірістер органы кепілгерлікте көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде кедендік баждардың, салықтардың және өсімпұлдардың тиісті сомасын төлеу туралы кепілдік берушіге талап жолдайды.

Бұл ретте кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған күнінен кейінгі күннен бастап айыппұл есептеледі.

45. Мемлекеттік кірістер органының кепілгерге кедендік баждардың, салықтар мен айыппұлдардың тиісті сомасын төлеу туралы талабында:

төлеушінің атауы;

төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу коды;

мемлекеттік кірістер органының-бенефициар мен қазынашылық органының деректемелері;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың , сондай-ақ олар бойынша айыппұлдар сомасы;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ олар бойынша айыппұлдарды төлеу мерзімі болады.

46. Кедендік операцияны жасаудың нәтижесі бойынша, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген кепілгерлік шарттар тізіліміне толықтырулар енгізіледі.

## 6. Мүлік кепілін есепке алу тәртібі

47. Төлеуші мемлекеттік кірістер органына Мүлік кепілі шартын ұсынады.

48. Мемлекеттік кірістер органы кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық және кеден заңнамасына сәйкес ресімделген, мүлік кепілі шартының негізінде мүлік кепілін, сондай-ақ кепілдікке қойылған мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебін қабылдайды.

49. Мемлекеттік кірістер органы төлеуші ұсынған мүлік кепілі шартының түпнұсқалығына және/немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған кезде кепіл берушіден жазбаша нысанда растауды сұратады.

50. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға ұсынылған мүлік кепілі шартының, сондай-ақ

Карточкада көрсетілген мәліметтердің негізінде, кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасының есебін жүргізу мақсатында осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мүлік кепілі шарттарының тізілімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Мүлік кепілі шартында қамтамасыз етілген міндеттемені орындаған төлеуші, бұл туралы кепіл берушіге хабарлайды.

Мүлік кепілі шарты бақылаудан алынады, ал мемлекеттік кірістер органы орындау үшін кепіл шарты ұсынылған міндеттемелерді төлеуші орындаған жағдайда мүлік кепілі шартының қолданылуын тоқтату туралы кепіл берушіге хабарлайды.

52. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттелерді төлеуші орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттік кірістер органы мүлік кепілі шартында көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде кедендік баждардың, салықтардың тиісті сомасын төлеу туралы кепіл берушіге талап жолдайды.

Бұл ретте кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған күнінен кейінгі күннен бастап айыппұл есептеледі.

53. Мемлекеттік кірістер органының кепіл берушіге кедендік баждардың, салықтар мен айыппұлдардың тиісті сомасын төлеу туралы талабында:

төлеушінің атауы;

төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу коды;

мемлекеттік кірістер органының-бенефициар мен қазынашылық органының деректемелері;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың , сондай-ақ олар бойынша айыппұлдар сомасы;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ олар бойынша айыппұлдарды төлеу мерзімі болады.

54. Кедендік операцияны жасаудың нәтижесі бойынша, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген Мүлік кепілі шарттарының тізіліміне толықтырулар енгізіледі.

## 7. Сақтандыру шартын есепке алу тәртібі

55. Төлеуші мемлекеттік кірістер органдарына сақтандыру шартын ұсынады.

56. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасының азаматтық және кеден заңнамасына сәйкес ресімделген сақтандыру шартын қабылдайды.

57. Мемлекеттік кірістер органы төлеуші ұсынған сақтандыру шартының түпнұсқалығына және/немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған кезде сақтандыру ұйымынан жазбаша нысанда растауды сұратады.

58. Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының бөлімшесі, немесе уәкілетті лауазымды тұлға ұсынылған сақтандыру шартының, сондай-ақ Карточкада көрсетілген мәліметтердің негізінде, кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасының есебін жүргізу мақсатында, осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру шарттарының тізілімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Сақтандыру шартында қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындаған төлеуші, бұл туралы сақтандыру ұйымына хабарлайды.

Сақтандыру шарты бақылаудан алынады, ал мемлекеттік кірістер органы орындау үшін сақтандыру шарты ұсынылған міндеттемелерді төлеуші орындаған жағдайда сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату туралы сақтандыру ұйымына хабарлайды.

60. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттелерді төлеуші орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттік кірістер органы сақтандыру шартында көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде кедендік баждардың, салықтардың тиісті сомасын төлеу туралы сақтандыру ұйымына талап жолдайды.

Бұл ретте кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған күнінен кейінгі күннен бастап айыппұл есептеледі.

61. Мемлекеттік кірістер органының сақтандыру ұйымына кедендік баждардың, салықтар мен айыппұлдардың тиісті сомасын төлеу туралы талабында:

төлеушінің атауы;

төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

кедендік баждарды, салықтарды қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу коды;

мемлекеттік кірістер органының-бенефициар мен қазынашылық органының деректемелері;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың , сондай-ақ олар бойынша айыппұлдар сомасы;

төлеушінің міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ олар бойынша айыппұлдарды төлеу мерзімі болады.

62. Кедендік операцияны жасаудың нәтижесі бойынша, кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету енгізілген сақтандыру шарттарының тізіліміне толықтырулар енгізіледі.

## 8. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау тәртібі

63. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есепке алмай экспорт кедендік рәсімдеріне орналастыру кезінде төлеуге тиесілі кедендік төлемдердің, салықтардың сомасына негізделе отырып айқындалады.

Тауарлардың кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастыру кезінде кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есепке алмай экспорт кедендік рәсімдеріне орналастыру кезінде төленуге жататын кедендік төлемдердің, салықтардың сомасына негізделе отырып, бірақ егер де, тауар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағында ішкі тұтыну үшін шығару немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есепке алмай экспорт кедендік рәсімдеріне орналасса, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осы мемлекеттерде төлеуге тиесілі кедендік баждардың, салықтардың сомасынан кем емес болып айқындалады.

64. Егер кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын белгілеген кезде тауарлардың сипаты, олардың атаулары, саны, шыққан елі және кедендік құны туралы нақты мәліметтер мемлекеттік кірістер органына ұсынылмағандықтан, төлеуге жататын кедендік баждар, салықтар сомасын айқындау мүмкін болмаса, қамтамасыз ету сомасы кедендік баждар, салықтар ставкаларының, тауарлар құны және (немесе) мынадай әдістермен мемлекеттік кірістер органында қолда бар мәліметтер негізінде айқындалуы мүмкін табиғи

түрдегі (саны, салмағы, көлемі немесе өзге сипаттамалары) физикалық сипаттамаларына сүйене отырып айқындалады:

кедендік сараптама жүргізу;

анықтамалық ақпаратты (журналдар, буклеттер, каталогтар, анықтамалар және басқалар) пайдалану;

техникалық құжаттаманы және (немесе) сәйкестендіру құжаттарын пайдалану;

ресми интернет-ресурстарды пайдалану.

Мемлекеттік кірістер органдарында
кедендік баждардың, салықтардың
төленуін қамтамасыз етуді есепке алу,
кедендік баждардың, салықтардың
төленуін қамтамасыз ету сомасын
айқындау қағидасына
1-қосымша

Нысан

**Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету карточкасы**
**№ ________________________**

1. Төлеуші__________________________________________________________
__

*(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты)*

2.__________________________________________________________________
__

*(заңды мекенжайы немесе тұрақты тұратын жерінің мекенжайы)*

3.__________________________________________________________________
__

*(Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен құжаттың берілген күні)*

4. _________________________________________________________________
__

(жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

5. _________________________________________________________________
__

(Кедендік операция түрі)

6. _________________________________________________________________
__

*(кедендік операциясы бойынша міндеттемені орындау мерзімі)*

7. ________________________________________________________________

—

*(кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету тәсілі)*

8. ________________________________________________________________

—

*(төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының, сақтандыру шартының нөмірі мен берілген күні)*

9. ________________________________________________________________

—

*(кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы)*

10. _______________________________________________________________

—

(инвойстың, келісімшартын т.б. нөмірі мен күні )

11. _______________________________________________________________

—

*(кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуге кепілдік беруші болып табылатын тұлға туралы ақпарат (банк, кепілгер, кепіл* беруші, сақтандыру ұйымы)

12. _______________________________________________________________

—

*(кепіл беруші тандалған кедендік баждарды, салықтарды төлеу* қамтамасыз ету тәсілі)

13. _______________________________________________________________

—

*(кепіл беруші ұсынған төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының, сақтандыру шартының нөмірі* мен берілген күні)

14. _______________________________________________________________

—

